

"Мал дәрігерлігі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 шілдедегі N 2377 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

"Мал дәрігерлігі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын U952376_ жүзеге асыру мақсатында қаулы етемін:

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1996 жылғы 1 қаңтарға д е й і н :

республиканың мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметі органдарының жүйесі туралы және мемлекеттік мал дәрігерлік қадағалау туралы Ережелерді, тиісті бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметі органдары жүргізетін індетке қарсы, емдеу, лаборатория-диагностикалық, радиологиялық және басқа мал дәрігерлік-санитарлық шаралар тізбесін бекітсін;

мемлекеттік шекара арқылы малды, мал өнімдері мен шикізатын алып өту кезінде мал дәрігерлік-санитарлық қадағалауды жүзеге асыру, жеке кәсіпкерлік қызметпен шұғылдану құқығына лицензия беру тәртібін белгілесін;

меншік иесінен малды оқшаулауға немесе оның пайдалануынан мал шаруашылығы өнімдерін алып қоюға жол беретін мал ауруларының тізбесін б е к і т с і н ;

Қазақстан Республикасының заң актілерін "Мал дәрігерлігі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығымен сәйкестендіру т у р а л ы ұ с ы н ы с е н г і з с і н ;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін "Мал дәрігерлігі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығымен с ә й к е с т е н д і р с і н ;

Республика министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының "Мал дәрігерлігі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің заң күші бар Жарлығына қайшы келетін нормативтік актілерінің қайта қаралуын және күші жойылуын қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК